

NARXOZ
UNIVERSITY

ISSN 2789-4398
e-ISSN 2789-4401

CENTRAL ASIAN ECONOMIC REVIEW

**CENTRAL ASIAN
ECONOMIC REVIEW
VOLUME 2 (155)**

2024

Central Asian Economic Review

Журнал Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникация
министрлігінде тіркелген

Күәлік № 16353-Ж
23.02.2017 ж.



№2 (155) 2024
1996 жылдан бастап
шыға бастады

Негізін қалаушы
«Нархоз Университеті» КеАҚ
ISSN 2789-4398
e-ISSN 2789-4401

«Нархоз Университеті» КеАҚ
Central Asian Economic Review ғылыми-редакциялық кеңесі

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Бас редактор

Святов С.А. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті

Бас редактордың орынбасары

Арыстанбаева С.С. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті

РЕДАКЦИЯ АЛҚА

- Адамбекова А. А. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті
- Байтенова Л. М. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті
- Доскеева Г. Ж. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті
- Каптарбаева Ш. М. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті
- Сейтказиева А. М. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан-Британ техникалық университеті (ҚБТУ)
- Симанавичене Ж. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Munksgaard Romeris Университеті
- Смагулова Ш. А. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық Бизнес Университеті
- Умирзаков С. Ы. — экономика ғылымдарының докторы, профессор, Нархоз Университеті
- Абенова Е. А. — педагогикалық ғылымдар кандидаты, қауымдастырылған профессор, Университет Нархоз
- Акимов А. — Ph.D., профессор, Griffith Business School
- Алиханова Р. К. — Ph.D., ассистент-профессор, Университет Нархоз
- Аргынбаева Ж. Ж. — Ph.D., Ғылыми зерттеу жұмысы бөлімінің бастығы, Нархоз Университеті
- Баймағамбетова Л. К. — экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз университеті
- Браувайлер К. — Ph.D., профессор, West Saxon University of Zwickau
- Дюсембекова Ж. М. — экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті
- Елшибаев Р. — экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Нархоз Университеті
- Ералиева Я. А. — Ph.D., профессор, Нархоз Университеті
- Исабаев М. М. — Ph.D., қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті
- Ким Д. — Ph.D., профессор, Университет Нархоз
- Кожаммет С. — Ph.D., профессор, Oxford Brookes Business School
- Reazul Islam — Ph.D., Albukhary International University (AIU), Kedah, Malaysia
- Нургалиева А. М. — Ph.D., қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті
- Оскенбаев Е. — қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті
- Райымжанова А. Ж. — Ph.D., ассоциированный профессор Университет Нархоз
- Рузиева Э. — экономика ғылымдарының кандидаты, профессор, Алматинский технологический университет
- Сулеев Р. Н. — Ph.D., қауымдастырылған профессор, Нархоз Университеті
- Сарсенбаева А. Ж. — «Издательство «Фортуна Полиграф» ЖШС бас директоры, журналдың жауапты редакторы
- Турысбек А. Қ. — Ғылыми зерттеу жұмысы бөлімінің аға координаторы, Нархоз Университеті, журналдың техникалық редакторы

Central Asian Economic Review

Журнал зарегистрирован в
Министерстве информации и
коммуникаций Республики Казахстан

Свидетельство № 16353-Ж
23.02.2017 г.



№2 (155) 2024

Издается с 1996 года

Учредитель
НАО «Университет Нархоз»
ISSN 2789-4398
e-ISSN 2789-4401

Редакционный совет
Central Asian Economic Review
НАО «Университет Нархоз»

РЕДКОЛЛЕГИЯ

Главный редактор
Святов С. А. – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Заместитель главного редактора
Арыстанбаева С. С. – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Адамбекова А. А. – доктор экономических наук, профессор, Казахстанский национальный университет им. Аль Фараби

Байтенова Л. М. – доктор экономических наук, профессор Алматинский энергетический университет

Доскеева Г. Ж. – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Кантарбаева Ш. М. – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Сейтказиева А. М. – доктор экономических наук, профессор, Казахстанско-Британский технический университет (КБТУ)

Симанавичене Ж. – доктор экономических наук, профессор, Университет Mykolas Romeris

Смагулова Ш. А. – доктор экономических наук, профессор Университет международного бизнеса им. К.А.Сагадиева

Умирзаков С. Ы. – доктор экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Абенова Е. А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Университет Нархоз

Акимов А. – Ph.D., профессор, Griffith Business School

Алимханова Р. К. – Ph.D., ассистент-профессор, Университет Нархоз

Арғынбаева Ж. Ж. – Ph.D, начальник Отдела НИИР, Университет Нархоз

Баймагамбетова Л. К. – кандидат экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Браувайлер К. – Ph.D., профессор, West Saxon University of Zwickau

Дюсембекова Ж. М. – кандидат экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Елшибаев Р. – кандидат экономических наук, профессор, Университет Нархоз

Ералиева Я. А. – Ph.D., профессор, Университет Нархоз

Исабаев М. М. – Ph.D., ассоциированный профессор, Университет Нархоз

Ким Д. – Ph.D, профессор-исследователь, Университет Нархоз

Кожамет С. – Ph.D., профессор, Oxford Brookes Business School

Reazul Islam – Ph.D, Albukhary International University (AIU), Kedah, Malaysia

Нургалиева А. М. – Ph.D., ассоциированный профессор, Университет Нархоз

Оскенбаев Е. – ассоциированный профессор, Университет Нархоз

Райымжанова А. Ж. – Ph.D, ассоциированный профессор Университет Нархоз

Рузиева Э. – кандидат экономических наук, профессор, Алматинский технологический университет

Сулеев Р. Н. – Ph.D, ассоциированный профессор Университет Нархоз

Сарсенбаева А. Ж. – генеральный директор ТОО «Издательство «Фортуна Полиграф», ответственный редактор журнала;

Турсыбек А. Қ. – старший координатор Отдела НИИР, Университет Нархоз, технический редактор журнала

Central Asian Economic Review

This Journal is Registered in the Ministry
of Information and Communication of
The Republic of
Kazakhstan

Document №16353-Ж
23.02.2017 year



Volume 2 No. (155) 2024

*The journal has been published
since 1996*

The Founder
NP JSC «Narxoz University»

ISSN 2789-4398
e-ISSN 2789-4401

Editorial Board Central Asian Economic Review NP JSC «Narxoz University»

EDITORIAL BOARD

Chief Editor Svyatov S.A.	–	<i>Doctor of Economics, Professor; Narxoz University</i>
Deputy Chief Editor Arystanbayeva S. S.	–	<i>Doctor of Economics, Professor; Narxoz University</i>

EDITORIAL BOARD

Adambekova A. A.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Al-Farabi Kazakh National University</i>
Baytenova L. M.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Almaty University of Power Engineering and Telecommunications</i>
Doskeyeva G. Zh.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Kantarbayeva Sh. M.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Seytkaziyeva A. M.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Kazakh-British Technical University (KBTU)</i>
Simanavicienė Ž.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Mykolas Romeris University</i>
Smagulova Sh. A.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Kenzhegali Sagadiyev International University of Business</i>
Umirzakov S. Y.	–	<i>Doctor of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Abenova E. A.	–	<i>Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Narxoz University</i>
Akimov A.	–	<i>Ph.D., Professor, Griffith Business School</i>
Alimkhanova R. K.	–	<i>Ph.D., Assistant Professor, Narxoz University</i>
Baimagambetova L. K.	–	<i>Candidate of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Brauweiler C.	–	<i>Ph.D., Professor, West Saxon University of Zwickau</i>
Dyussebekova Zh. M.	–	<i>Candidate of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Yelshibaev R.	–	<i>Candidate of Economics, Professor, Narxoz University</i>
Yeraliyeva Y. A.	–	<i>Ph.D., Professor, Narxoz University</i>
Issabayev M. M.	–	<i>Ph.D., Associate Professor, Narxoz University</i>
Kim D.	–	<i>PhD, Research Professor, Narxoz University</i>
Kozhakhmet S.	–	<i>Ph.D., Professor, Oxford Brookes Business School</i>
Reazul Islam	–	<i>PhD, Albukhary International University (AIU), Kedah, Malaysia</i>
Nurgaliyeva A. M.	–	<i>Ph.D., Associate Professor, Narxoz University</i>
Oskembayev Y.	–	<i>Associate Professor, Narxoz University</i>
Raiymzhanova A. Zh.	–	<i>PhD, Associate Professor, Narxoz University</i>
Ruzieva E.	–	<i>Candidate of Economics, Professor, Almaty Technological University</i>
Suleyev R. N. –	–	<i>PhD, Associate Professor, Narxoz University</i>
Argynbayeva Zh. Zh.	–	<i>PhD, Head of the Research Department, Narxoz University</i>
Sarsenbayeva A. Zh.	–	<i>General Director of LLP "Fortuna Polygraph Publishing House," Editor of the journal;</i>
Turysbek A. K.	–	<i>Senior Coordinator of the Research Department, Narxoz University, Technical Editor of the journal</i>

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ

ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА: ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НАЦИОНАЛЬНАЯ ЭКОНОМИКА: ВЕКТОРЫ РАЗВИТИЯ

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ Р. Елшибаев, А. Бақтиярова, Р. Жанғалиева	6
КҮТІМ ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ЕҢБЕК СЕГРЕГАЦИЯСЫ: ҚАЗЕТТІЛІКТЕРДІ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ШЕШІМДЕРДІ ТАБУ А. В. Липовка, М. С. Нугманова, Ж. С. Рахимбекова.....	20
ИНДИВИДУАЛЬНЫЙ ПОДОХОДНЫЙ НАЛОГ В КОНТЕКСТЕ ДОСТИЖЕНИЯ СОЦИАЛЬНОЙ СПРАВЕДЛИВОСТИ Р. К. Берстембаева, Я. А. Ералиева	32
ТЕКУЩЕЕ СОСТОЯНИЕ И АНАЛИЗ ДЕМОГРАФИЧЕСКОЙ СИТУАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН Д. М. Турекулова, Г. И. Кобенова, И. Н. Рюмкина	44
АНАЛИЗ СОВРЕМЕННОГО СОСТОЯНИЯ И ПРОГНОЗЫ РАЗВИТИЯ РЫНКА ЖИЛОЙ НЕДВИЖИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН М. Р. Сихимбаев, Г. Н. Сраилова, А. А. Флек	59
THE IMPACT OF CHINA'S DIRECT INVESTMENT ON ENERGY INDUSTRY DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN G. Tumatay, J. Gu, U. Zhantore.....	77
ҚАЗІРГІ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ «ЦИФРЛЫҚ КӨШПЕНДІЛЕР» Ж. Б. Рахметулина, А. О. Сулейменова, Т. А. Абылайханова	89
МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ БИЗНЕС: БАСҚАРУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ ГОСУДАРСТВО И БИЗНЕС: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА УПРАВЛЕНИЯ	
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК СЕГРЕГАЦИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ М. А. Мекебаева, С. Ж. Болтаева.....	102
ГЕНДЕРНЫЕ БАРЬЕРЫ КАРЬЕРНОГО РОСТА И ПРОГРАММЫ ПОДДЕРЖКИ ЖЕНЩИН РУКОВОДИТЕЛЕЙ Ж. А. Лян, Г. К. Ниеталина, Г. Ж. Таяуова	116
STRATEGIC MANAGEMENT OF ALUMNI ASSOCIATIONS: A STAKEHOLDER APPROACH FOR OPTIMAL EFFICIENCY K. Ibrashev, A. Jumasseitova, E. Smolyakova	131
ИНВЕСТИЦИЯЛАР, ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ЕСЕП ИНВЕСТИЦИИ, ФИНАНСЫ И УЧЕТ	
БОНУС-МАЛУС ЖҮЙЕСІНІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕСІ А. О. Базарбаев, Б. К. Купешова, Б. Ж. Ақпанбетова.....	147
КАПИТАЛ ҚҰРЫЛЫМЫ, ТАБЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨНЕРКӘСІП СЕКТОРЫНДАҒЫ ШАҒЫН КОМПАНИЯЛАРДЫ ЗЕРТТЕУ С. Э. Кокеева, А. А. Адамбекова	159

CONTENT

NATIONAL ECONOMY: DEVELOPMENT VECTORS

TRADE AND ECONOMIC COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND RUSSIA: MODERN STATE AND PROSPECTS A. Zh. Baktiarova, R. K. Yelshibayev, R. U. Zhangalieva	6
GENDER LABOR SEGREGATION IN THE CARE ECONOMY: NEEDS RESEARCH AND SOLUTIONS A. Lipovka, M. Nugmanova, Zh. Rakhimbekova	20
INDIVIDUAL INCOME TAX IN THE CONTEXT OF ACHIEVING SOCIAL JUSTICE R. K. Berstembayeva, Ya. A. Yeraliyeva	32
CURRENT STATE AND ANALYSIS OF THE DEMOGRAPHIC SITUATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN D. M. Turekulova, G. I. Kobenova, I. N. Ryumkina	44
ANALYSIS OF THE CURRENT STATE AND FORECASTS OF THE DEVELOPMENT OF THE RESIDENTIAL REAL ESTATE MARKET OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN M. R. Sikhimbayev, G. N. Srailova, A. A. Flek	59
THE IMPACT OF CHINA'S DIRECT INVESTMENT ON ENERGY INDUSTRY DEVELOPMENT IN KAZAKHSTAN G. Tumatay, J. Gu, U. Zhantore.....	77
«DIGITAL NOMADS» IN THE MODERN LABOR MARKET Zh. B. Rakhmetulina, A. O. Suleimenova, T. A. Abylaikhanova	89

STATE AND BUSINESS:
THEORY AND PRACTICE OF MANAGEMENT

GENDER SEGREGATION IN THE LABOR MARKET IN KAZAKHSTAN M. Mekebayeva, S. Boltayeva	102
GENDER BARRIERS TO CAREER GROWTH AND SUPPORT PROGRAMS FOR WOMEN MANAGERS Zh. A. Lyan, G. K. Nietalina, G. J. Tayauova	116
STRATEGIC MANAGEMENT OF ALUMNI ASSOCIATIONS: A STAKEHOLDER APPROACH FOR OPTIMAL EFFICIENCY K. Ibrashev, A. Jumasseitova, E. Smolyakova	131

INVESTMENT, FINANCE AND ACCOUNTING

INTERNATIONAL PRACTICE OF THE BONUS-MALUS SYSTEM A. O. Bazarbayev, B. K. Kupeshova, B. J. Akpanbetova	147
CAPITAL STRUCTURE, PROFITABILITY AND RISK: A STUDY OF SMALL COMPANIES IN THE INDUSTRIAL SECTOR OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN S. E. Kokeyeva, A. A. Adambekova	159

MPHTI 06.52.43

JEL Classification: F16

DOI: <https://doi.org/10.52821/2789-4401-2024-2-6-19>

ҚАЗАҚСТАН МЕН РЕСЕЙДІҢ САУДА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ: ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПЕРСПЕКТИВАСЫ

А. Ж. Бақтиярова¹, Р. Қ. Елшібаев^{1*}, Р. У. Жанғалиева²

¹Нархоз Университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы

²М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан Республикасы

АНДАТПА

Зерттеудің мақсаты: Қазақстан және Ресей мемлекеттерінің сауда-экономикалық байланыстарының маңызын айқындау, ағымдағы жағдайын бағалау және даму перспективасын анықтау.

Әдіснамасы: зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін жүйелік бағалау, талдау мен синтездің жалпы ғылыми әдістері, экономикалық-статистикалық және салыстырмалы талдау, сондай-ақ екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығының стратегиялық маңыздылығын анықтайтын SWOT-талдау әдістері құрайды.

Зерттеудің бірегейлігі/құндылығы: геосаяси және интеграциялық үдерістер жағдайында Қазақстан мен Ресей мемлекеттерінің сауда-экономикалық байланыстарының маңызы, қазіргі жағдайы мен болашағы бойынша зерттеулер жүргізілді. Соның негізінде екі елдің ынтымақтастығының күшті және әлсіз тұстары, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерлері сараланып, стратегиялық даму бағыттар анықталды. Сонымен қатар сауда экономикалық ынтымақтастықты дамыту резервтері мен тиімділігін арттыру бағыттары ұсынылды.

Зерттеу нәтижелері: Қазақстан мен Ресейдің сауда-экономикалық байланыстарына кешенді талдау нәтижесінде қазіргі жағдайына объективті баға беріліп, даму болашағы айқындалды. Жоғары технологиялар салаларында екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту жолдары анықталды. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде сауда байланысын дамыту, өткізу нарығының әлеуетін ұтымды пайдалану мәселелері нақтыланды.

Түйін сөздер: сауда-экономикалық ынтымақтастық, импорт, экспорт, сыртқы сауда, инвестиция, интеграция, еркін экономикалық аймақ.

КІРІСПЕ

Ресей мен Қазақстанның сауда-экономикалық ынтымақтастығының ұзақ тарихы бар. Елдер арасындағы тығыз экономикалық байланыстар негізінен Кеңестік кезеңде қалыптасқан халық шаруашылығының бірыңғай жүйесінің арқасында дамыды. Кеңестік Социалистік Республикалар Одағында (КСРО) Қазақстанда кәсіпорындардың 90 %-дан астамы одақтас бағыну мәртебесіне ие болды. Бұл екі елдің Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін де екіжақты экономикалық қатынастарды дамытуға мүдделілігін білдіреді. Ресей мен Қазақстанның экономикалық ынтымақтастығының негізгі факторы болып қазіргі уақытта жаңартуды қажет ететін жалпы өндірістік инфрақұрылым табылады [1].

Қазақстан мен Ресей ортақ шекарасы жеті мың шақырымнан асатын көршілес мемлекеттер. Сондықтан экономикалық саладағы ынтымақтастық елдердің стратегиялық әріптестігінің маңызды бөлігі және қарқынды дамып, сауда-экономикалық интеграцияны, көлік, энергетиканы, логистиканы, байланыс пен коммуникацияларды, ғылыми-техникалық өзара іс-қимылды, білім беруді, туризмді және т.б. дамытуға ықпал етеді [2].

Сауда-экономикалық қатынастардың қалыптасу және даму тарихы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында басталып, қазіргі кезге дейін үздіксіз дамып келеді. Соның нәтижесінде екі мемлекеттің арасында сындарлы және өзара тиімді қарым-қатынас қалыптасты [3].

Әдебиетке шолу. Ресей мен Қазақстанның экономикалық ынтымақтастығын жан-жақты зерттеу ресейлік және қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде айтарлықтай қызығушылық тудырады. Көптеген ғалымдар өз жұмыстарында Ресей-Қазақстан қатынастары посткеңестік кеңістіктегі тұрақтылықтың басты факторларының бірі болып табылатынын атап көрсетеді. Екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығының әртүрлі аспектілерін талдауда А. В. Литвинов «Дәстүр бойынша тығыз сауда – экономикалық байланыстар Ресей мен Қазақстанды біріктерді. Ресей Қазақстан Республикасының сауда серіктестері арасында бірінші орында. Ресей Федерациясы субъектілерінің басым бөлігі, атап айтқанда 76 субъектісінің Қазақстан Республикасымен сауда-экономикалық байланысы бар» екендігін атап өтсе, Ю. А. Давыдова мен Е. В. Каргаполова «Қазақстан АҚШ пен ЕО үшін Ресей мен Қытайға қарсы іс-қимыл алаңы ретінде ыңғайлы. Республикада американдық-еуропалық ықпалдың күшеюі Ресей үшін әлеуетті қауіп төндіреді, сондай-ақ, одан әрі интеграциялау мүмкіндіктерін қысқарта отырып, «Еуразиялық жобаға» қауіп төндіретіндігін» айтады.

Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінің сыртқы сауда айналымы құндық мәнде оң серпінге ие, Ресейде осыған ұқсас көрсеткіш төмендеу үрдісіне ие, бірақ ол физикалық тұрғыда есептелген өсуді көрсетеді.

И. Н. Абанина мен Е. В. Оглоблина өз мақалаларында Қазақстанның шекара маңындағы өңірлерінің сыртқы сауда айналымы құндық мәнде оң серпінге ие, Ресейде осыған ұқсас көрсеткіш төмендеу үрдісіне ие, бірақ физикалық тұрғыда есептелген ол өсуді көрсетеді. Бұл конъюнктуралық факторлардың әсеріне қарамастан, Ресей мен Қазақстанның шекаралас аймақтарындағы сауда қатынастарының қарқындылығы әлсіремейтінін көрсетеді.

Ресейдің Қазақстанға тауар экспорты әртараптандырылған құрылымға ие екендігін, ал Ресейдің Қазақстаннан тауар импортында минералды өнімдер, металлургия (негізінен отын-энергетикалық тауарлар) және химия өнеркәсібі өнімдері басым екендігін, ал Қазақстанға ресейлік тауар экспортының құрылымындағы ең елеулі өзгеріс минералдық өнім (негізінен отын-энергетикалық тауарлар) үлесінің айтарлықтай қысқарғандығын А. В. Точин, Н. С. Пыжиков, Е. С. Чимирисс, К. Е. Качуровский, В. Н. Живалов өз еңбектерінде атап өткен. Ю. К. Харакоз, бүгінгі таңда Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы экономикалық және саяси салада теңдестірілген және сауатты болып көрінетіндігін, көзқарас әлемдік кеңістікте бір мақсатқа ұмтылатын екі елдің тиімді жұмысының мысалы болып табылатындығын және Ресей мен Қазақстан арасындағы табысты сауда – экономикалық ынтымақтастық негізінен кеңестік кезеңдегі халық шаруашылығының бірыңғай жүйесінің арқасында қалыптасқандығын өз мақаласында атап көрсеткен.

Отандық авторлар А. М. Мырзахметова, Д. У. Алшимбаева, К. А. Туркеева, А. Т. Еримпашеваның еңбектерінде көршілес екі елдің арасындағы сауда, қаржы-экономика, инвестиция бойынша ынтымақтастықты дамыту мәселелеріне зерттеулер жүргізілген. Дәлірек айтсақ, авторлар қазіргі уақытта екі елдің ортақ мүдделер саласы – бұл мұнай-газ, энергетика, тау-кен өндіру кешендеріне арналған жабдықтар өндіру, медициналық сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, ғылымды қажетсінетін, жоғары технологиялық салаларда бірлескен өндірістер құру. Айта кету керек, мақаланы дайындау кезінде авторлар негізінен интернет көздері мен статистика деректерін пайдаланды.


КСРО ыдыраған сәттен бастап екі ел арасындағы қатынастар халықаралық сипатқа ие болды, ал екі мемлекет арасындағы бұрынғы әкімшілік аумақтық шекара мемлекеттік мәртебеге ие болды [4].

Бүгінгі таңда Ресей мен Қазақстанның қарым-қатынасы экономикалық және саяси салада сауатты жүргізіліп отыр. Бұл әлемдік кеңістікте бір мақсатқа ұмтылатын екі елдің тиімді жұмысының мысалы бола алады. Бұл мемлекеттердің табысты әріптестік байланысы негізінен кеңестік кезеңдегі халық шаруашылығының бірыңғай жүйесінің арқасында қалыптасты. Сауда-экономикалық қатынастар мемлекетаралық, аймақаралық және үкіметаралық деңгейде дамып отыр [5].

Қазір көршілес екі мемлекет арасында төрт жүзге жуық түрлі келісімшарттар жасалған. Елдер арасындағы өзара байланыстар өнеркәсіптік кооперацияға, энергетика, ғарыш саласындағы әріптестік пен ынтымақтастыққа негізделген [6]. Бүгінгі таңда Қазақстан мен Ресей арасындағы ынтымақтастықтың барлық салаларындағы қатынастар серпінді және қарқынды сипатқа ие, көпжақты өзара іс-қимылдың айтарлықтай деңгейімен ерекшеленеді. Қазақстанның Ресеймен сауда-экономикалық қатынастарын

дамытудың проблемалары мен перспективалары әлемдік экономика мен Қазақстан экономикасының жаһандануын реформалау жағдайында үлкен маңызға ие. Себебі, бүгінде әлемдік экономиканың жаһандануы қазіргі әлемдегі ұлттық экономикалардың өзара әрекеттестігі мен өзара тәуелділігінің артуын талап етеді. Қазақстанның Ресеймен сыртқы экономикалық және сыртқы сауда байланыстарының қазіргі жай-күйін талдау ұлттық сыртқы экономикалық доктринаны дамытудың базалық негізі болып табылады.

2015 жылы бұрын құрылған Кеден Одағы негізінде құрылған Еуразиялық экономикалық одақтың арқасында бүгінде екі ел экономикалық интеграцияның жаңа деңгейіне шықты. Айта кету керек, Ресей мен Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық ынтымақтастығының динамикасы сауда, өнеркәсіптік және қаржылық ынтымақтастықты нығайту жөніндегі ЕАЭО-қа мүше мемлекеттердің шараларымен байланысты ішкі, сыртқы, сондай-ақ ішкі интеграциялық факторлармен анықталады [7].




Сурет 1 – Қазақстан мен Ресейдің сауда ынтымақтастығын дамытудың факторлары

Ескерту – [7] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БӨЛІМІ

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі сыртқы саясат тұжырымдамасында Ресей мемлекетімен стратегиялық серіктестікті дамыту өңірлік және көпжақты дипломатияны жандандырудың негізгі бағыттарының бірі ретінде анықталған. Ресей- Қазақстанның негізгі сауда серіктесі ретінде 2022 жылы 26,1 млрд. долларға сауда жасады, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 6 %-ға артық. 2022 жылы ірі тауар топтары бойынша Ресейден Қазақстанға экспорт келесі тауарлар топтары бойынша жүзеге асырылды: көлік құралдарын қоса алғанда, машиналар мен жабдықтар импортының құны 3,4 млрд. АҚШ доллары болса, азық-түлік 3,2 млрд., металдар мен металл бұйымдары – 3,1 млрд., химия өнеркәсібі тауарлары – 2,9 млрд., кен мен отын минералды өнімдері – 2,1 млрд., бидай 2 260,3 млн., бағалы металл концентраттары 2 253,9 млн., өңделмеген алтын 2 248,9 млн. және көмір коксы 2 245,8 млн. АҚШ долларын құраған.

Ресей – Қазақстан үшін әртараптандырылған экспорттық нарықтардың бірі. Қазақстаннан Ресейге экспорт 2022 жылы 25 %-ға өсіп, 8,8 млрд. долларды құрады. Импорт 1,5 %-ға төмендеп, 17,3 млрд. долларды құрады (Сурет 2). Ресейге экспорттың ең үлкен үлесі уранға тиесілі. 2022 жылы Қазақстан Ресейге уранды 946,6 млн. АҚШ долларына, қалыңдығы 10 мм – ден асатын жалпақ прокатты – 364,7 млн. АҚШ долларына, қымбат металл концентраттарын – 339,1 млн. АҚШ долларына, алюминий оксидін – 326,5 млн. АҚШ долларына, лом мен черметтерді – 235,9 млн. АҚШ долларына жөнелтті. Ірі тауар топтары бойынша Ресейге машиналар мен жабдықтар 2,1 млрд. АҚШ долларына, металдар мен металл бұйымдары 2 млрд. АҚШ долларынан, химия өнімдері 1,9 млрд. АҚШ долларынан астам сомаға және минералды өнімдер 1,8 млрд. АҚШ долларына, азық-түлік өнімдері 544 млн. АҚШ долларына жеткізілді [8].




Сурет 2 – Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясымен сауда айналымының негізгі көрсеткіштері, мың АҚШ доллары
Ескерту – [8] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Экспорт табиғи уран, алюминий оксиді, мырыш жеткізілімдерінің өсуіне байланысты. Бұл ретте металл прокатын және темір кендерін жеткізудің төмендеуі байқалады. Ресей Қазақстанға экспорттайтын тауарлардың ішінде машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары, металдар мен олардан жасалған бұйымдар, химия өнеркәсібі өнімдері, азық-түлік тауарлары, ауыл шаруашылығы шикізаты, минералды өнімдер басым болып табылады. Өз кезегінде Ресей Қазақстаннан минералды өнімдерді, металдарды және олардан жасалған бұйымдарды, химия өнеркәсібінің өнімдерін, азық-түлік тауарлары мен ауыл шаруашылық шикізатын импорттайды. Айта кететін жайт, Ресей Федерациясына жеткізілетін өнім ассортименті артқан. [8]. Өңірлер бойынша Алматы қаласынан экспорт 2,7 есеге (379,1 млн. АҚШ долларынан 1014 млн. АҚШ долларына), Астана қаласынан 5 есеге (150,4 млн. АҚШ долларынан 778,2 млн. АҚШ долларына), Павлодар облысының Ресейге экспорты 36 %-ға өсті, Ақтөбе облысының экспорты 48 %-ға және Түркістан облысының экспорты 19 %-ға ұлғайды [9] Ресей Федерациясынан импортқа келетін болсақ, болаттан жартылай фабрикаттарды сатып алу 22 %-ға, мұнай өнімдерінің импорты 35 %-ға, бағалы металдар кендері 20 %-ға және бидай импорты 2 есе өсті. Бұл ретте ресейлік автомобильдерді сатып алу 3,6 есе және алтынды сатып алу 30 %-ға төмендеді.

2023 жылдың алғашқы сегіз айында Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі елдермен тауар айналымы өткен жылдың дәл осы кезеңімен салыстырғанда 1,2 %-ға артып, 18 518,7 млн. АҚШ долларын құрады (Сурет 3).


2023 жылғы қаңтар-тамызында тауарлар экспорты 7 050,4 млн. долларын құраса, тауарларды импорттау – 11 468,2 млн. долларға жетті. Ресей Қазақстанның Еуразиялық экономикалық елдерімен сыртқы сауда айналымы бойынша бірінші орында тұр. Оның үлесі – 91,8 %, Қырғыз Республикасы – 4,7 %, Беларусь Республикасы – 3,3 % және Армения Республикасы – 0,2 % үлеске ие.



Сурет 3 – Қазақстан Республикасының ЕАЭО елдерімен өзара саудасы (2023ж. қаңтар-тамыз)

Ескерту – [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен экспортына тоқталатын болсақ, Қазақстанның Ресеймен экспорты 2023 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша 90,62 %-ды құрап отыр, өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 0,72 %-ға артқан, одан кейінгі орында Қырғызстан 7,71 %-ды құрады, өткен кезеңге қарағанда 0,59 %-ға азайған, Беларусь Республикасына экспорт өткен жылға қарағанда 0,04 %-ға артса, Армениямен экспорт 0,17 %-ға қысқарған (Сурет 4).




Сурет 4 – ЕАЭО елдері шеңберінде Қазақстан экспорты

Ескерту – [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ импортында да ең үлкен үлеске Ресей ие болып отыр (Сурет 5). 2023 жылдың қаңтар-тамыз айларының қорытындысы бойынша Ресеймен импорт

92,53 %-ды құраған, яғни өткен жылдың дәл осындай кезеңімен салыстырсақ 0,25 %-ға азайған, Қырғызстаннан әкелінетін тауарлар саны 0,5 %-ға артқан болса, сондай ақ, Беларусь пен Армениядан да импорттың көбейгендігін көреміз.



Сурет 5 – ЕАЭО елдері шеңберінде Қазақстан импорты

Ескерту – [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2021 жылы мемлекеттер арасында сауда айналымы 25 620 992 659 доллар құрады. 2020 жылмен салыстырғанда өсім 34,39 % көрсетіп отыр. 2021 жылы Қазақстанға экспорт 18 477 728 206 АҚШ долларды құрап, алдыңғы жылмен салыстырғанда өсім 31,69 %-ға жеткен. Ал импорт 2021 жылы 7 143 264 453 АҚШ долларын құрады, 2020 жылмен салыстырғанда 41,90 %-ға өсті.

Қазақстанның Ресейдің сыртқы сауда айналымындағы үлесі 2021 жылы 3,3 % құрады, ал 2020 жылы 3,4 % құраған. Ресей тауар айналымындағы үлесі бойынша 2021 жылы Қазақстан 10-орынға ие. Қазақстанның Ресей экспортындағы үлесі 2021 жылы 3,8 %-ды, ал 2020 жылы 4,2 %-ды құрады. Қазақстанның Ресей мемлекетімен экспортындағы үлесі 2021 жылы сегізінші орынға, ал, импортының үлесі 2020 жылға қарағанда 2021 жылы 2,4 % құрап тоғызыншы орынға тұрақтады [10].

Ресейдің Қазақстанға 2021 жылы шығарылымы құрылымындағы тауарларының негізгі үлесін 6-суреттен көре аламыз. Ресейдің Қазақстанға экспортының құрамында 2021 жылы ең көп үлесті машиналар мен жабдықтар алып отыр, оның үлесі 26,32 % бұл өткен жылмен салыстырғанда 0,88 %-ға өскен. Одан кейінгі орында металл және металл бұйымдары өткен жылмен салыстырғанда 2,42 %-ға артқан. Химия өнеркәсібі өнімдері 0,16 %-ға өсіп, 2021 жылы 15,41 % құраған. Ресейдің Қазақстанға экспорт құрамында ең аз үлеске ие болып отырған тауарлар категориясы тоқыма және аяқ киім бұйымдары 2,70 % құраған болса, (өткен жылмен салыстырғанда 0,48 %-ға азайған), бағалы металдар мен тастар 2,41 %, алдыңғы жылға қарағанда 0,99 %-ға қысқарған.

6-суреттен көріп отырғанымыздай, Қазақстанға Ресейден келесі тауарлардың экспорты маңызды үлесте өскен: қазандықтар, механикалық құрылғылар мен жабдықтар, ядролық реакторлар, трамвай жылжымалы құрамынан басқа құрылғылар, жерүсті көлік құралдары және олардың бөліктері мен керек-жарақтары, пластмассалар мен олардан жасалған бұйымдар, қара металдардан жасалған бұйымдар, электр машиналары мен жабдықтары, олардың бөліктері; дыбыс жазатын және дыбыстық аппаратура, телевизиялық бейнені және дыбысты жазуға және жаңғыртуға арналған аппаратура, минералды отын, мұнай, мұнай өнімдері, битуминоз заттары; минералды балауыздар, ағаш бұйымдары; көмір, дәнді дақылдар, теміржол локомотивтері немесе трамвай моторлы вагондары.



Сурет 6 – 2021 жылғы Ресейдің Қазақстанға экспорты
Ескерту – [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2021 жылғы Ресейдің Қазақстаннан импорт құрылымындағы тауарлардың негізгі үлесі (Сурет 7). Ресейдің Қазақстаннан импортының құрамында 2021 жылы ең көп минералды өнімдер алып отыр, оның үлесі 37,55 % бұл өткен жылмен салыстырғанда 4,48 %-ға өскен. Одан кейінгі орында металл және металл бұйымдар 33,32 %, өткен жылмен салыстырғанда 8,07 %-ға артқан. Химия өнеркәсібі өнімдері 2,5 %-ға азайған, 2021 жылы бұл көрсеткіш 15,82 % құраған. Ресейдің Қазақстаннан импорт құрамында ең аз үлеске ие болып отырған азық-түлік өнімдері мен ауыл шаруашылығы шикізаты 7,03 % құраған, өткен жылмен салыстырғанда 0,62 %-ға азайған, машиналар мен жабдықтар, көлік құралдары 6,90 %, алдыңғы жылға қарағанда 0,26 %-ға қысқарған. 2021 жылы Ресейге Қазақстаннан көбінесе мұнай, мұнай айдау өнімдері; битуминозды заттар; минералды балауыздар, бейорганикалық химия өнімдері; бағалы металдар, сирек жер металдары, радиоактивті элементтердің немесе изотоптардың бейорганикалық, органикалық қосылыстары, тұз, күкірт, тас, сылақ материалдары, цемент, мырыш бұйымдары, пластикалық бұйымдар сияқты тауарлар импортталды.



Сурет 7 – 2021 жылғы Ресейдің Қазақстаннан импорты
Ескерту – [10] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

2021 жылы екі әріптес елдің арасындағы сауда көлемі жаңа рекордтық мәнге – 24,5 млрд. долларға жеткен, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 30 %-ға артық. Соңғы жылдары жалпыға белгілі қиындықтарға қарамастан екі ел арасындағы тауар айналымы 25 млрд. долларды құрап отыр немесе 34 % өскен. 2023 жылдың тоғыз айының қорытындысы бойынша елдер арасындағы сауда 18,4 млрд. долларды құрады, бұл 2022 жылмен салыстырғанда іс жүзінде 1 млрд. долларға жоғары [9].

Кедендік статистика деректері бойынша 2022 жылғы қаңтарда Ресейдің сыртқы сауда айналымы 69,2 млрд. АҚШ долларын құрады және 2021 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 57,9 %-ға өсті. Сауда балансының сальдосы 22,5 млрд. АҚШ доллары, бұл 2021 жылдың қаңтарына қарағанда 12,4 млрд. АҚШ долларына көбірек [11].

Ресейдің экспорты 2022 жылдың қаңтарында 45,8 млрд. АҚШ долларын құрады және 2021 жылдың қаңтарымен салыстырғанда 69,9 %-ға өсті. Алыс шет елдердің үлесіне 90,2 %, ТМД елдеріне – 9,8 % тиесілі болды. 2022 жылғы қаңтарда Ресей экспортының негізін отын-энергетикалық тауарлар құрады, олардың экспорттық тауарлар құрылымындағы үлес салмағы 63,5 % құрады, ал 2021 жылғы қаңтарда – 57,2 % құраған болатын.

Ресей импорты 2022 жыл қаңтарында 38,6 %-ға өсіп, 23,3 млрд. АҚШ долларын құрады. 91,0 % алыс шетелдердің, 9,0 % ТМД елдерінің үлесіне тиесілі болды. Импорттың тауарлық құрылымында ең көп үлесті машиналар мен жабдықтар импорты алып отыр 48,6 %, ал 2021 жылғы қаңтарда – 47,3 % құраған болатын.

Ресейдің сыртқы саудасының елдік құрылымында Еуропалық Одақтың үлесіне 2022 жылғы қаңтарда Ресей тауар айналымының 38,9 % (2021 жылғы қаңтарда – 34,6 %), АТЭС елдеріне – 33,6 % (35,5 %), ТМД елдеріне – 9,7 % (12,2 %), ЕАЭО елдеріне – 6,5 % (9,2 %) тиесілі болды.

2022 жылдың қаңтарында алыс шет елдер арасында Ресейдің негізгі сауда серіктестері: Қытай – сауда айналымы 13,0 млрд. АҚШ доллары, Германия – 5,1 млрд. АҚШ доллары, Нидерланды – 5,0 млрд. АҚШ доллары, Түркия – 4,9 млрд. АҚШ доллары, Корея Республикасы – 3,2 млрд. АҚШ доллары, Италия – 3,0 млрд. АҚШ доллары, АҚШ – 2,3 млрд. АҚШ доллары, Польша – 2,0 млрд. АҚШ доллары, Франция – 1,8 млрд. АҚШ доллары, Жапония – 1,6 млрд. АҚШ доллары [12].

Ресейдің 2021-2022 жылғы қаңтарда ЕАЭО елдерімен сауда көлемі 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Ресейдің ЕАЭО елдерімен сауда айналымы, млн. АҚШ доллары

Елдер	Экспорт		Импорт	
	2021 жыл	2022 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Қазақстан	1007,4	1180,8	413,8	536,3
Беларусь	1407,1	1425,3	933,2	885,0
Қырғызстан	116,8	210,0	19,2	18,0
Армения	105,4	153,9	33,8	54,3

Ескерту [11] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің статистика Бюросының деректеріне сәйкес 2022 жылы Қазақстанның Еуразиялық экономикалық елдерімен сауда айналымының көлемі 28 311,2 млн. долларды құрап, алдыңғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,5 %-ға артқан (Кесте 2). 2022 жылы экспорт 9 709,8 млн. долларды құрап, яғни 24,3 %-ға артып, импорт 18 601,4 млн. долларды құрап 0,9 %-ға азайды. Қазақстанның Одақ елдерімен сыртқы сауда айналымында Ресейдің үлесі – 92,3 %, Қырғызстан – 4 %, Беларусь Республикасы – 3,6 %, Армения Республикасы – 0,1 % құрады [9].

ЕАЭО елдерімен саудада экспорттың ең көп бөлігін химиялық элементтер құрайды және өткен жылмен салыстырғанда 2 есеге ұлғайған. Кен және темір концентраты бойынша керісінше төмендеу байқалады. Импорт бойынша ең үлкен өсім қара металдан жасалған құбырлар мен түтіктер есебінен болған және 2,5 есеге өскен. Ал жеңіл автокөліктер мен өзге де моторлы көлік құралдары бойынша төмендеген және өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 77 %-ға аз.

Кесте 2 – Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сауда айналымы, млн. АҚШ доллары

Елдер	Экспорт		Импорт	
	2021жыл	2022 жыл	2021жыл	2022жыл
Ресей	7 018,7	8 780,7	17 605,5	17 342,7
Беларусь	110,3	156,8	780,7	860,1
Кыргызстан	674,8	745,3	375,8	383,9
Армения	10,3	26,9	10,5	14,7
Ескерту [9] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған				

Өзара сауда және импорт көлемі бойынша Ресей бірінші орында. Сондай-ақ, Ресей нарығы қазақстандық экспорт үшін алдыңғы орында. Екінші орында Қытай (24,1 млрд. АҚШ доллары), үшінші орында Италия (шамамен 13,9 млрд. АҚШ доллары). Қазақстанның импорттық тауарларға жұмсалатын шығындарының үштен бірі ресейлік өнімдерге тиесілі. Сонымен бірге, Ресейден импорт 1,4 %-ға төмендеп, 17,3 млрд. АҚШ долларын құрады.

Ал инвестицияларға келетін болсақ, Ресей Қазақстан экономикасына құйылатын инвестиция көлемі бойынша бес елдің қатарына кіреді. Қазақстанда жинақталған ресейлік тікелей инвестициялар 20 млрд. АҚШ долларын, ал Ресейдегі қазақстандық инвестициялар шамамен 6,6 млрд. долларды құрайды. Бүгінде өнеркәсіп саласында жалпы құны 22 млрд. АҚШ долларынан астам соманы құрайтын 100-ге жуық инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Қазақстан Республикасының СІМ деректері бойынша 2022 жылы Ресейден Қазақстанға ТШИ ағыны төмендеген және 1,5 млрд. АҚШ долларын құраған, сәйкесінше өткен жылға қарағанда 20 %-ға азайған. Ресейден инвестициялардың азаюына қарамастан, Қазақстанда бизнестің барлық саласында ресейлік кәсіпорындардың саны артты [12]. Соңғы жылдарда Қазақстан аймағындағы ресейлік кәсіпорындардың саны 35 %-ға өсті. Тұтастай алғанда, Ресейден ТШИ ағыны 2005 жылдан бастап шамамен 18,7 млрд. АҚШ долларын құрайды, бұл Нидерланды (108,2 млрд. АҚШ доллары), АҚШ (50,1 млрд. АҚШ доллары) және Қытай (22,4 млрд. АҚШ доллары) кейінгі көрсеткіш [13].

Бүгінде Қазақстанда отын-энергетика кешені, мұнай химиясы, жеңіл өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, автомобиль және темір жол машина жасау, көлік, логистика және т.б. салаларда табысты жүздеген бірлескен жобалар жүзеге асырылуда [14].

Қазақстанға Ресейден инвестиция тартылатын сала – отын-энергетика кешені. Ең алдымен инвестициялар шикі мұнай және табиғи газ өндіру саласына, екінші кезекте түсті металлургия, одан кейін алтын өндіру салаларына құйылып отыр. Ресей мен Қазақстан арасындағы ең маңызды инвестициялық жобалар өңіраралық және шекара маңы бағдарламаларын іске асыру жоспарларына енгізілген, олардың негізгі бөлігі тікелей инвесторларды тарту арқылы жүзеге асырылады.

Факторларды кешенді бағалау әдісін қолдана отырып, Ресей мен Қазақстанның сыртқы сауда қатынастарының жай-күйіне SWOT-талдау жүргізейік (Кесте 3). Бұл әдіс стратегиялық әріптестікті дамытудың алғышарттарын, екі ел арасындағы ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйін бағалауға, оны жетілдірудің қорытындылары мен ұсынымдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында анықталғандай Қазақстанның Ресей Федерациясымен сауда, экономика саласындағы халықаралық қарым-қатынастар серіктестіктің жоғары деңгейде екендігін көрсетіп отыр. Елдер арасындағы серіктестік келесі салалар бойынша басымдыққа ие болып отыр: тау-кен саласы, аграрлық сала, көлік және байланыс, машина өңдеу мен жасау, химиялық, аэроғарыш өнеркәсібі.

Осылайша, Ресей мен Қазақстан серіктестігінің стратегиялық сипаты, ең алдымен, экономикалық негізге ие. Ең жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру, елдер арасындағы стратегиялық әріптестік қатынастарды практикалық экономикалық мазмұнмен толықтыру Ресейден Қазіргі әлемдегі ЕАЭО елдерінің саяси, экономикалық және қаржылық маңыздылығын ескеретін салмақты және дәйекті саясатты талап етеді.

Кесте 3 – Ресей мен Қазақстанның экономикалық ынтымақтастығының жай-күйі мен даму перспективаларын SWOT-талдау

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
Экономикалық қатынастардың ұзақмерзімді тарихы Аймақтық және геосаяси келіспеушіліктердің болмауы Табиғи ресурстардың мол қоры Ауыл шаруашылық өнімдерін өсіруге мүмкіндік беретін аумақтардың кеңдігі мен климаттың әртүрлілігі	Шикізатқа басымдықтың болуы Ресейге қатысты санкциялар Дамыған елдерден технологияларды экспорттауға тәуелділік ЕАЭО шеңберіндегі өзара саудадан сыртқы сауданың басым болуы Жаһандық нарықтық жағдайларға қатты тәуелділік
Мүмкіндіктер	Қауіптер
Сауда кедергілері мен шектеулерін жою Импорт алмасу Өндірілетін өнімдердің бәсекегеабілеттігін арттыру ЕАЭО елдерімен ынтымақтастықтың жаңа мүмкіндіктері	Әлем бойынша инвестициялық белсенділіктің төмендеуі Ресейдің сауда серіктестеріне қарсы жаңа және қайталама санкциялар пакеті Экономиканың шикізаттық бағытының сақталуы Елдердің экономикалық дамуындағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар
Ескерту – [15; 16] дереккөзі негізінде авторлармен құрастырылған	

ҚОРЫТЫНДЫ

Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының экономикалық ынтымақтастығының ағымдағы жағдайын талдау қарқынды даму мен жағымды динамикаға қарамастан екіжақты қатынастардың әлі толық қолданылмаған потенциалы бар екенін көрсетеді.

Қазақстан-Ресей сауда-экономикалық ынтымақтастықтығының тиімділігін арттыру үшін келесі негізгі бағыттарға назар аудару қажет:

- екі елдің сыртқы сауда саласы тауар құрылымы жағынан диверсификациялауды және түбегейлі құрылымдық реформаларды талап етеді, сондықтан елдер экспорттың шикізат бағытынан және әлемдік энергетикалық және шикізат нарықтарының конъюнктурасына жоғары тәуелділіктен біртіндеп бас тартуы керек.

- Ресей мен Қазақстан көптеген салаларда, соның ішінде жоғары технологиялық салаларда, энергетикалық инфрақұрылымды дамыту, көмірсутектерді барлау және өндіру, мұнай, газ және электр энергетикасы салаларында, соның ішінде мұнай, газ және электр энергиясын өзара жеткізу мен транзиттеуде ынтымақтастықты дамыту қажет. Ол үшін тиімді, жұмыс істейтін бірлескен кәсіпорындар мен жобалар құру. Бұл шараларға екі елдің өңірлері белсенді қатысуы тиіс.

- мемлекеттердің көлік жүйелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру және транзиттік әлеуетін нығайту бойынша үйлестірілген қадамдар жасалынуы қажет. Көлік инфрақұрылымын дамытуға бірлескен инвестициялар құю, елдер арасындағы сауда айналымын айтарлықтай жақсарты алады, бұл өз кезегінде экспорт пен импорт көлемнің ұлғаюына әкеледі.

- ЕАЭО шеңберіндегі интеграциялық процестерді тереңдету, ол үшін сыртқы экономикалық қызметті үйлестіруді күшейту және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске қосу қажет. Макроэкономикалық саясаттың бірыңғай бағдарлары және экономиканың әртүрлі секторларын үйлестіру интеграциялық тетіктерді қалыптастыруға ықпал ететін болады. Бұл ретте АҚШ, ЕО тарапынан Ресейге қарсы жасалынып жатқан қысымдарды да ескеру қажет.

- ынтымақтастықтың басым бағыттары болып болашақта экономиканың жаңа салаларының дамуына және екі елдің бәсекеге қабілеттілігінің артуына әкелуі мүмкін ғылым мен технологиялар саласындағы ынтымақтастық, туризмді дамыту, бірлескен энергия көздерін пайдалану және экологиялық қауіпсіздік саласындағы жобалар, өзара инвестициялар, сақтандыру және банк қызметтерін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызатын қаржы мен инвестициялар саласындағы ынтымақтастық табылуы мүмкін.

- қазіргі жағдайды сақтау. Ресейге салынып жатқан санкциялық қысым жағдайында қазақстандық бизнеске тартымдылықты күшейту. Санкциялық шектеулерді отандық бизнес өкілдері үшін қауіп-қатер ғана емес мүмкіндік ретінде де қарастыруы қажет. Қазақстанның импорттық өнімдерге тәуелділігі

жағдайында, соның ішінде ресейлік тауарлардың үлесі 40 %-ға жуығын құрайтынын ескерсек инфляциялық қысым қарапайым халықтың сатып алу қабілеті мен өмір сүру деңгейінің төмендеуіне алып келеді. Сонымен қатар Ресейдің негізгі сауда әріптесі ретінде ресей валютасының шектен тыс қымбаттауы немесе арзандауы үлкен тәуекел туғызады. Ресейлік тауар өндірушілердің сыртқы нарықтарға шыға алмауы көршілес елдердегі, соның ішінде Қазақстандық нарықтағы үлесін ұлғайтуға ұмтылуы, демпингтік бағаларды қолдануы қазақстандық бизнестің бәсекеге төтеп бере алмауына алып келуі мүмкін. Дегенмен дұрыс экономикалық саясатты қалыптастыру арқылы санкциялық шектеулерді мүмкіндікке айналдыруға қол жеткізуге болады деп есептейміз. Бірінші кезекте отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін жоғарылату, экспортқа бағдарланған өнімдерді өндіру бойынша нақты экономикалық тетіктер қолданылуы тиіс.

Қазақстан үшін үлкен мүмкіндік Еуразиялық экономикалық одақ пен Орталық Азияның ортақ нарығына кіруді қалайтын халықаралық компаниялар үшін жаңа орналасу нүктесі бола алады. Сонымен қатар Ресейдің Еуропалық нарықтан ығыстырылып шығуына байланысты босаған тауашаны Қазақстан баса алатындығын да ескеруіміз қажет.

Осылайша, Қазақстан мен Ресей арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты талдау елдердің геоэкономикалық мүдделерінің ағымдағы жай-күйі мен даму перспективаларын жүйелі бағалауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыда Қазақстан мен Ресейдің теңдестірілген тәсіл негізінде экономикалық өзара іс-қимылы екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамыту үшін маңызды фактор болып табылады, ал туындайтын барлық проблемалар ынтымақтастық пен өзара қолдау арқылы шешілуі мүмкін. Машина жасау, энергетика, химия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіп кешені, жоғары технологиялар, инновациялар және цифрландыру саласында екіжақты байланыстарды арттыру үшін жақсы алғышарттар бар. Өнеркәсіптік кооперация саласында, соның ішінде еркін экономикалық аймақтарда бірлесіп жұмыс істеудің үлкен мүмкіндіктері бар.

Әдебиеттер тізімі

1. Литвинов А. И. Торгово-экономическое сотрудничество России и Казахстана // Российский внешнеэкономический вестник. – 2019. – № 11. – С. 101-111.
2. Мырзахметова А. М., Алшимбаева Д. У., Туркеева К. А., Еримпашева А. Т. Торгово-экономическое сотрудничество Казахстана и России: особенности и приоритеты развития // Экономика: стратегия и практика. – 2020Ю – № 3(15). – С. 127-139.
3. Договор дружбе, сотрудничестве и взаимной помощи между Российской Федерацией и Республикой Казахстан от 25 мая 1992 года (ратифицирован Постановлением Верховного Совета Республики Казахстан от 02.07.1992 г., Постановлением Верховного Совета РФ от 16.07.1992 № 3319-1, вступил в силу 9 октября 1992 года) [Электронды ресурс] // «Техэксперт» [web-сайт]. – 1992. – URL: <https://docs.cntd.ru/document/901764295>. (Қарау уақыты: 01.11.2023)
4. Кожирова С.Б., Нечаева Е.Л. Казахстанско-Российское приграничье: векторы сотрудничества. // Материалы XIII Международной научно-практической конференции «Развитие политических институтов и процессов: зарубежный и отечественный опыт». -2022. -141-145б.
5. Харакоз Ю. К. Эволюция торгово-экономических отношений между Российской Федерацией и Республики Казахстан // Собрник конференции «Структурные преобразования экономики территорий: в поиске социального и экономического равновесия». – 2022. – С. 80-84.
6. Додонов В. Ю. Внешняя торговля Казахстана с партнерами ЕАЭС: предварительные итоги // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2021. – № 4(15).– С. 21-32.
7. Петросьян А. Р., Перебоев В. С., Кузнецов А. В. и др. Евразийская экономическая интеграция. – М.: ЦИИ ЕАБР, 2019. – 140 с.
8. Как развивалась торговля с Россией в 2022 году [Электронды ресурс] // Курсив [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://kz.kursiv.media/2023-05-12/nbbv-trade/> (Қарау уақыты: 01.11.2023).
9. Статистика внешней, взаимной торговли и товарных рынков [Электронды ресурс] // Бюро национальной статистики Агентства по стратегическому планированию и реформам Республики Казахс-

тан [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/> (Қарау уақыты: 01.11.2023).

10. Статистика внешней торговли России [Электронды ресурс] // Внешняя торговля России [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://russian-trade.com/> (Қарау уақыты: 01.11.2023).

11. ФТС России: данные об экспорте-импорте России за 2022 год [Электронды ресурс] // Федеральная таможенная служба [web-сайт]. – 2022. – URL: <https://customs.gov.ru/press/federal/document/329649> (Қарау уақыты: 01.11.2023).

12. Аскаров А. Объем инвестиций из России в Казахстан сократился на 20% - МИД [Электронды ресурс] // Kapital.kz [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://kapital.kz/economic/117557/ob-yem-investitsiy-iz-rossii-v-kazakhstan-sokratilsya-na-20-mid.html> (Қарау уақыты: 01.11.2023).

13. Мишустин: торговый оборот России и Казахстана растет, несмотря на санкции [Электронды ресурс] // Коммерсантъ [web-сайт]. – 2023. – URL: <https://www.kommersant.ru/doc/6030379> (Қарау уақыты: 01.11.2023).

14. Российско-казахстанские торговоэкономические связи [Электронды ресурс] // Посольство Российской Федерации в Республике Казахстан [web-сайт]. – 2023. – URL: https://rfembassy.ru/lm/dvustoronnie_otnosheniya/torgovo-ekonomicheskie_svyazi/ (Қарау уақыты: 01.11.2023)

15. Подкина К. Ю. ЕАЭС: анализ текущего состояния и перспективные векторы сотрудничества // Вестник ЧелГУ. – 2019. – № 9(431). – С. 217-224.

16. Храмова А. В. Стратегическое развитие Евразийского экономического союза в эпоху коронакризиса // Евразийская интеграция: экономика, право, политика. – 2021. – №. 1 (35). – С. 125-132.

References

1. Litvinov, A. I. (2019). Torgovo-ekonomicheskoe sotrudnichestvo Rossii i Kazakhstana. Russian Foreign Economic Bulletin, 11, 101-111 (In Russian).

2. Myrzahmetova, A. M., Alshimbaeva, D. U., Turkeeva, K. A., & Erimpasheva, A. T. (2020). Torgovo-ekonomicheskoe sotrudnichestvo Kazakhstana i Rossii: osobennosti i priority razvitiya. Ekonomika: strategiya i praktika, 3(15), 127-139 (In Russian).

3. Dogovor o druzhbe, sotrudnichestve i vzaimnoj pomoshchi mezhdu Rossijskoj Federaciej i Respublikoj Kazahstan [Treaty on Friendship, Cooperation, and Mutual Assistance between the Russian Federation and the Republic of Kazakhstan]. (n.d.). «Techexpert». Retrieved November 1, 2023, from <https://docs.cntd.ru/document/901764295> (In Russian).

4. Kozhirova, S. B., & Nechaeva, E. L. (2022). Kazhastansko-Rossijskoe prigranich'e: vektory sotrudnichestva. In Proceedings of the XIII International Scientific and Practical Conference "Development of Political Institutions and Processes: Foreign and Domestic Experience". 141-145 (In Russian).

5. Harakoz, YU. K. (2022). Evolyuciya torgovo-ekonomicheskikh otnoshenij mezhdu Rossijskoj Federaciej i Respubliki Kazahstan. In Conference Proceedings «Structural Transformations of the Economy of Territories: In Search of Social and Economic Balance». 80-84 (In Russian).

6. Dodonov, V. YU. (2021). Vneshnyaya trgovlya Kazakhstana s partnerami EAES: predvaritel'nye itogi. Evrazijskaya integraciya: ekonomika, pravo, politika, 4(15), 21-32 (In Russian).

7. Petros'yan, A. R., Pereboev, V. S., Kuznecov, A. V. & et. al. (2019). Evrazijskaya ekonomicheskaya integraciya. Moscow: CII EABR. 140 p. (In Russian)

8. Kursiv.kz. (2023). Kak razvivalas' trgovlya s Rossiej v 2022 godu. Retrieved November 1, 2023, from <https://kz.kursiv.media/2023-05-12/nbbv-trade/> (In Russian).

